

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Каржасова Г.Б.
Қарағанды қ., ҚР

Аңдатпа: мақалада мемлекеттік қызметкерлердің мәртебесі және олардың құқықтықтары мен міндеттері және мемлекеттік қызметте болуына байланысты шектеулері жайлы мәселелер талқыға салынады. Сонымен қатар қазіргі таңда заң жүйесі бойынша мемлекеттік қызметкерлерге берілетін мүмкіндіктері жайлы мән-жайлар реттелінеді. Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтарын қорғаудағы мәселелер етек алып, тиімді жолдары зерттеледі.

Түйін сөздер: мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік қызмет, кәсібейлік, құқықтар, міндеттер, құқықтық мәртебе.

Жаһандану жағдайында жаңа заманның талаптары үкімет қабылдайтын шешімдердің сапасын арттыру мәселелерінің өзектілігін күшейтті. Мысалы, жақында орын алған әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстан кейін нарықты реттеуді заңнамалық қамтамасыз ету сапасы мәселелеріне көңіл бөліне басталды. Өз кезегінде осындай шешімдердің тиімділігі көбінесе мемлекеттік аппараттың кәсібилігі, адал қызмет ету құндылықтарына жақын болуы, меритократия қағидатының сақталу деңгейімен анықталады. Мемлекеттік қызметті реформалау – басымдылықтары саяси еркіндіктің, мемлекет рөлінің, тандалған әлеуметтік-экономикалық модельдің, нақты талаптардың болуымен, сондай-ақ қоғамды демократияландыру дәрежесінің негізінде жүзеге асырылатын үздіксіз үдерісі екені баршаға мәлім.

Қазақстанда мемлекет басшысының әлеуметтік-экономикалық жаңарту және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну сапасын арттыру бойынша басымдықтары мемлекеттік аппарат қызметінің басты бағыттары болып табылады.

Сонымен қатар жақында ғана елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа жолдауында «Өңірлердегі мемлекеттік қызметтің тиімділік әлеуетін олардың экономикалық дербестігі мен жауапкершілігін арттыру арқылы мейлінше толық ашу керек», - деп ерекше атап кеткен жалынды сөздерін атап кетуге болады. [1]

Әлеуметтік-экономикалық және индустриалды-инновациялық даму бағдарламаларының тиімділігі мен табыстылығы көбінесе мемлекеттік қызметкерлердің кәсібилігімен анықталатындығын ескере отырып, мемлекеттік қызмет жүйесін реформалау кадрлық саясатты жаңғырту мен жетілдіруге бағытталған.

Мемлекеттік қызмет лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары кадрларды қалыптастыруда және мемлекеттік қызметте кадрларды іріктеуде маңызды рөл атқарады.

Біліктілік талаптары мемлекеттік қызметтің нақты лауазымына үміткерлерге қатысты бірыңғай кәсіби және басқа критерийлер мен атрибуттар деп түсінділеді. Олар азаматтық қызметтегі қызметтің белгілі бір түріне адамның кәсіби дайындық дәрежесін және деңгейін анықтайды. Сондықтан бұл тақырып өте маңызды және күрделі мәселе.

Мемлекеттік қызметкер ретінде - мемлекеттік органдарда заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметті атқаратын және мемлекеттің

міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы. [2. 23б]

Мемлекеттік қызметкердің мәртебесі ҚР-сының заңдарында белгіленген, мемлекеттік қызметте болуына байланысты шектеулері бар Қазақстан Республикасының азаматы ретінде мемлекеттік қызметкерлердің жалпы құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет ерекшеліктеріне негізделген құқықтарын, міндеттері мен жауаптылығын қамтиды.

Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекеттік қызметкер мәртебесіне Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік лауазымға тағайындалған немесе сайланған кезден бастап ие болады және мемлекеттік қызметті тоқтатқан кезден бастап одан айрылады.

Мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулер

Мемлекеттік қызметкер:

1) өкілді органның депутаты болуға;
2) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, басқа да ақы төленетін қызметпен айналысуға;

3) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, оның ішінде коммерциялық ұйымды басқаруға тікелей қатысу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның лауазымдық өкілеттіктеріне кірмейтін болса, ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, коммерциялық ұйымды басқаруға қатысуға;

4) өзі қызмет істейтін не өзіне тікелей бағынысты немесе өзінің тікелей бақылауындағы мемлекеттік органда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;

5) өзінің қызметтік жұмысын материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз етуге арналған құралдарды, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;

6) ереуілді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысуға;

7) лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты азаматтар мен заңды тұлғалардың көрсетілетін қызметтерін жеке мақсаттарында пайдалануға құқықтары жоқ. . [3. 29б].

Мемлекеттік лауазымдарға тиісті біліктілік талаптарына сай келетін, өзінің жеке және кәсіби қасиеттері, денсаулық жағдайы, білім деңгейі бойынша өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқаруға қабілетті және Қазақстан Республикасының заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа жетпеген Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Жасы бойынша шектеу ҚР-сының Конституциясында және заңдарында олардың өкілеттік мерзімдері айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарға қолданылмайды.

Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсетіндерді қоспағанда, құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтар құқық қорғау органдарымен келісу бойынша уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімдерде олардың жеке қасиеттерін бағалауды қоса алғанда, уәкілетті органда тесттен өтеді.

Мемлекеттік қызметке:

1) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті мемлекеттік лауазымдарға қатысты өзге талаптар белгіленбесе, он сегіз жасқа дейінгі;

2) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған;

3) сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдар атқару құқығынан айырған;

4) біліктілік талаптарында тиісті мемлекеттік лауазымдарға орналасу үшін денсаулық жағдайына арнайы талаптар белгіленген жағдайларда, медициналық мекеменің қорытындысы негізінде лауазымдық өкілеттіктерді орындауға кедергі келтіретін ауруы бар;

5) өзінің мәртебесін және соған негізделген беделін жеке басының, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерге пайдалануға алып келуі мүмкін әрекеттерді болғызбау мақсатында өзіне осы Заңда белгіленген шектеулерді қабылдаудан бас тартқан;

6) мемлекеттік қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған азаматты қабылдауға болмайды. Бұл ретте мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық үшін қызметтен шығарылған азамат мемлекеттік қызметке жіберілмейді;

7) мемлекеттік қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

8) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;

9) мемлекеттік қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған немесе қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін өзіне қатысты қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған [4];

10) мемлекеттік қызметке кіру уақытына заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар;

11) ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бұрын сотталған немесе қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған; [5];

12) қылмыстық топтың құрамында қылмыс жасаған;

13) қылмыстық топтың құрамындағы қылмыс туралы өзіне қатысты қылмыстық істі қылмыстық қудалау органы немесе сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде тоқтатқан;

14) құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан және соттардан, әскери қызметтен теріс себептер бойынша шығарылған азаматты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда қабылдауға болмайды.

Көрсетілген мәліметтерді көрсетпеу не қасақана бұрмалап көрсету мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметке кіру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайларға байланысты қандай да бір кемсітушілікке жол берілмейді. [6]; Адамдарды құқық қорғау органдарына қызметке қабылдаудағы шектеулер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткер азаматтар белгіленген біліктілік талаптарына сай болуға тиіс. Мемлекеттік саяси лауазымдарға біліктілік талаптары белгіленбейді. "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын арнайы біліктілік талаптарын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары мемлекеттік орган мен оның құрылымдық бөлімшелері қызметінің негізгі бағыттары, мемлекеттік әкімшілік қызметкерлердің лауазымдық өкілеттіктері ескеріліп әзірленеді.

"Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын мемлекеттік лауазымдарға тағайындау құқығы бар лауазымды адам (орган), егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде өзгеше көзделмесе, уәкілетті органмен және оның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылатын үлгілік біліктілік талаптарының негізінде бекітеді [7]. "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарын уәкілетті орган бекітеді. Құқық қорғау органдарында мемлекеттік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Мемлекеттік қызметкерлердің көмегімен мемлекеттік органдардың қоғамның барлық салаларында өкілеттіктері жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметкердің кәсіптік қызметі мемлекеттік міндеттер мен функцияларды орындауға, конституциялық лауазымдарды алмастыратын адамдардың құзыретіне емес, биліктің өкілдігін көрсетуге бағытталған. Қызметкерлер мемлекеттік органдарда бекітілген ресми мәлімдемелердің ережелерін сақтауға, баспасөзбен байланысуға, азаматтардың мемлекеттік органдарға оңтайлы қатынасын қалыптастыру әдістеріне ие болуға тиіс.

Жас, перспективалы үміткерлерді таңдауда, тиісті біліммен қатар олар мамандық бойынша тәжірибе жинау керек екендігін ұмытпауымыз керек. Лидерлердің осындай қасиеттері кең мағынада, адамгершілік принциптері мен ұйымдастырушылық дағдылары ретінде белгілі бір мемлекеттік басқару саласының ерекшеліктерін білуден кем емес. Мемлекеттік қызметкерлердің, ғылыми, білім беру және басқа да мекемелер мен ұйымдардың өкілдері (тәуелсіз сарапшылар) мемлекеттік органның өкілімен, кадрлық және құқықтық қызметтер мамандарымен бірге аттестаттау комиссияларының құрамына енгізілуі тиіс. Ол өзінің кәсіби білімін, жұмыс тәжірибесін, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды, сондай-ақ ұйымдастырушылық дағдыларды (лауазымдардың тиісті тобына қатысты) ескеруі керек.

Сонымен ойымды тұжырымдай келе Қазақстанда мемлекет басшысының әлеуметтік-экономикалық жаңарту және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну сапасын арттыру бойынша бағыттары қазіргі таңдағы басты мемлекеттік қызметкерлердің мәртебесі және олардың құқықтық жағдайларына байланысты мәселелердің шешілуіне реттелуіне жол сермейтініне күмәніміз жоқ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» <http://www.akorda.kz>

2 Какимжанов М.Т., Қосжанов А.С. «Мемлекеттік қызмет және басқару» Оқу құралы. - Қарағанды: ҚҚЭУ, 2014.

3 Комментарий к закону Республики Казахстан «О Государственной службе Республики Казахстан» Дуйсенов Э.Э. Изд. Асыл кітап: Алматы-2016.

4 Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» (2017.11.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). <http://www.zakon.kz>

5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ (2017.11.07 №378-V Заңымен берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

6 Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_.

7 "Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" 04.12.2008 N95-IV (соңғы өзгерістері мен толықтыруларымен 11.07.2017 №487-V) <http://www.zakon.kz>.